



## "Урал Ойл энд Газ" ЖШС еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған орта саласындағы саясат

Басылым: А3, UOG-HSE-PC-001

1 2-ден

"Бекітемін"

Бас директор –

Басқарма Төрағасы

"Урал Ойл энд Газ" ЖШС

Имандосов А.Г.

2024 ж.

Бас директордың

Бірінші орынбасары –

Басқарма Мүшесі

"Урал Ойл энд Газ" ЖШС

Тян Юаньшэн

29

03

2024 ж.

## "Урал Ойл энд Газ" ЖШС еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған орта саласындағы саясат

### Қолдану саласы

Бұл саясат серіктестіктің барлық персоналyna, серіктестіктің меншік обьектілерінде жұмыс істейтін немесе серіктестіктің тапсырмасы бойынша жұмысты орындаитын мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге қолданылады.

### Жауапкершілік

Серіктестіктің жоғары басшылығы Денсаулық сақтау, Еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиімді саясатты белгілеуге және қолдауға жауапты. Әрбір жеке қызметкер саясаттың орындалуы мен қолдауына жауап береді.

### Жалпы талаптар

"Урал Ойл энд Газ" ЖШС өндірістік қызметтің барлық кезеңдерінде қауіпсіз жұмыс ортасын құру және қолдау үшін қызметкерлер мен қоғам алдындағы жауапкершіліктің толықтығын толық түсінеді.

Компания өндірістік қауіпсіздіктің ең жоғары стандарттарына сай болуға ұмтылады және өндірісті тиімді басқарудың ажырамас элементі ретінде еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны басқару жүйесін (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) ұдайы жетілдіруге бағытталған.

### Біздің күш-жігеріміз мыналарға бағытталған:

- Жұмысшылар мен айналадағы адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау;
- Активтердің тұтастығын және жабдықтың сенімділігін қамтамасыз ету;
- Қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендету.



**"Урал Ойл энд Газ" ЖШС еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік  
және қоршаған орта саласындағы саясат**

Басылым: А3, UOG-HSE-PC-001

2 2-ден

**Компания келесі принциптерді басшылыққа алады:**

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық, ұлттық стандарттардың және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау;
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы бағдарламаларды іске асыруды УОГ-тың барлық деңгейлері басшыларының көшбасшылығы мен міндеттемесі;
- Озық халықаралық тәжірибелін үздік жетістіктері негізінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесін үздіксіз дамыту және жетілдіру;
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында мақсаттар қою;
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметкерлердің мәдениетінің жоғары деңгейін және компанияның әрбір қызметкерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын сақтағаны үшін дербес жауапкершілігін қалыптастыру;
- Өндірістік қызметті жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді басқару;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды, авариялар мен оқиғаларды дереу хабардар ету, тергеп-тексеру және есепке алу;
- Қызметкерлердің не айналадағы адамдардың өмірі мен денсаулығына негізді түрде қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде қызметкерлерге жұмыстарды орындаудан бас тартудың занды құқығына кепілдіктер беру;
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру;
- Персоналдың және өндірістік объектілердің авариялық және төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға тұрақты дайындығын қамтамасыз ету;
- Ластаушы заттар мен парниктік газдар эмиссияларын төмендетуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған қауіпсіз және ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу;
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы саясатты, рәсімдерді, стандарттарды сақтағаны үшін мердігерлік ұйымдардың жауапкершілігі;
- Акционерлер, қызметкерлер, мемлекеттік органдар, жүртшылық алдында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ-ға қатысты қызмет аспектілері туралы ашықтық пен ақпараттандыруды қамтамасыз ету.

**ҚТ, ЕҚ және ҚОҚ қызметінің басшысы**

**Зайнуллин А. А.**